

Үмбетаев М.Б.
**Әдебиетті
оқыту әдістемесіне
Ресей ғалымдарының ықпалы**

Мақала қазақ әдебиетін оқыту мәселелерін қарастыруға арналған. Көркем әдебиеттің жеке тұлғаның, адамның рухани әлемін, оның адамгершілігін, көңіл-күй сезімін, шығармашылық әрекет-бастауларын қалыптастырудағы рөлі аталған. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымы үдерісіндегі Ыбырай Алтынсарин мен Ахмет Байтұрсынов еңбектерінің мән-маңызы, олардың жалпы оқыту ісіне қосқан үлестері көрсетілген. Сонымен бірге орыстың Ф.И. Буслаев, В.Г. Белинский, Н.Г. Чернышевский, В.Я. Стоюнин, В.П. Острогорский, В.И. Водовозов сияқты әдіскер ғалымдарының әдебиетші әдіскерлерінің жұмыстарына баға берілген. Мақалада, негізінен, орыс әдіскерлері В.Я. Стоюнин мен В.П. Острогорскийдің әдебиетті оқыту туралы ойлары сараланған.

Түйін сөздер: Әдебиетті оқыту әдістемесі, ғылыми ұстаным, әдебиеттанушылар, оқыту амал-тәсілдері.

Umbetaev M.B.
**The influence of Russian scientists
to the methods of teaching
literature**

The article is devoted to studying of problems of Kazakh literature's teaching. In the researcher the role of artistic work in the development and formations of the person, in progress of his spiritual and moral world, mental potential, character, outlook and attitude is considered. Value of Ibyrai Altynsarin and Ahmet Bajtursynov's works comes to light. The author marks their contribution to development of a procedure of Kazakh literature's teaching. The great attention is given to the questions of influence of Russian scientists' researches on domestic didactics. In the article F.I. Buslaev, V.G. Belinskiy, N.G. Chernyshevskii, V.J. Stojunin, V.P. Ostrogorskii, V.I. Vodovozov's works are analyzed. On the basis of studying the works of Russian scientists, principles, receptions and features of teaching of the literature are established.

Key words: literature, a procedure, teaching, training, a science, a method, reception, a principle, influence.

Үмбетаев М.Б.
**Влияние Российских ученых
на методику преподавания
литературы**

Статья посвящена изучению проблем преподавания казахской литературы. В работе рассматривается роль художественного творчества в процессе становления и формирования личности, в развитии духовного и нравственного мира человека, его интеллектуального потенциала, характера, мировоззрения и мироощущения. Выявляется значение трудов Ыбырая Алтынсарина и Ахмета Байтұрсынова. Автором отмечается их вклад в разработку методики преподавания казахской литературы. Большое внимание уделяется вопросам влияния исследований русских ученых на отечественную дидактику. В статье отмечаются работы Ф.И. Буслаева, В.Г. Белинского, Н.Г. Чернышевского, В.Я. Стоюнина, В.П. Острогорского, В.И. Водовозова. На основе изучения трудов русских ученых В.Я. Стоюнина и В.П. Острогорского устанавливаются принципы, приемы и особенности преподавания литературы.

Ключевые слова: литература, методика, преподавание, обучение, наука, метод, прием, принцип, влияние.

ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНЕ РЕСЕЙ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ЫҚПАЛЫ

Қазіргі жалпы білім беретін қазақ он бір жылдық орта мектептеріндегі әдебиет пәндерінің оқытылу жүйесін толықтай санаға сіңіріп, ойша елестетіп, жақсы игеру үшін, аталған пәндердің өткен ғасырлардағы жүргізілу жайын білу, бағдарлау қажет. Бұл орайда, гуманитарлық жоғары оқу орындарында (ЖОО) «Қазақ әдебиетін орта мектепте оқыту әдістемесі» курсынан дәріс оқып жүрген оқытушылар, ең алдымен, XIX-XX ғасырлардағы әдебиеттік оқу туралы әдістемелік нұсқау, оқулықтар жазған ресейлік әдебиетші-әдіскерлерінің ой-пікірлеріне назар аударғандары жөн болады. Айталық, бұл мәселеге сол он тоғызыншы ғасырдың өзінде-ақ қазақ балаларын оқыту ісінде жаңа үлгі әдістерді жасап, ұсынған тұңғыш ұстаз-әдіскеріміз Ыбырай Алтынсарин жете көңіл бөлген. Оның алғашқы оқу құралы «Қазақ хрестоматиясын» [1] құрастырып, жазу барысында ұстанған бағыты орыс әдіскер-әдебиетшілерінің жұмыстары болғандығы белгілі [2]. Ұлы ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсариннің осы бағытын жиырмасыншы ғасырда творчестволықпен дамытып, алға апарушы атақты әдебиеттанушы-әдіскер ғұламамыз Ахмет Байтұрсынов болды. Оның жаңаша жазылған, тың тұрпатты әдеби әдістемелік, теориялық еңбектері [3] бүгінде баршаға мәлім. Олардың мұндай жаңа заман талабына сай құрастырылған, жазылған бұл оқу құралдарының үлгі-өнегесі, мән-маңызы бүгіндері күннен-күнге артып келеді. Осы орайда аңдап қарасақ, Ы. Алтынсарин және А. Байтұрсынов сынды білімпаздарымыз өздеріне дейінгі, өздерімен тұстас, қанаттас өмір сүрген орыс әдебиетші сыншыларының, әдіскер-оқытушыларының еңбектерімен дер уағында танысып, өздерінің кәдесіне жаратып отырған.

Зер сала қарар болсақ, шындығында XIX ғасырдың бас шеніндегі ескі орыс орта мектептерінде (кейде Ф.И. Буслаевқа дейін делінеді) Әдебиет емес, әдебиет теориясы жүргізілген екен (риторика және мистика (ақындық)). Әдебиетті бұлай оқытуда догмалық, сыңаржақ қағидалар басым болды. Мысалы, 1828 жылғы ресейлік гимназия уставы мен 1833 жылы сол уставқа сәйкес жасалған бағдарлама бойынша алғашқы үш төменгі кластарда – грамматика; 4-класта синтаксис, сөйлем құрылысы және жеңіл-желпі өлеңдер жаттау; 5-6- сыныптарда логика және риторика, қысқа-қысқа шығармалар жазу; 7-сыныпта пии-

тика(ескі ақындық) және орыс сөзінің қысқаша тарихы өтілді. Мұнда әдеби мәтіндерді оқу, үйрену дағдылары жоқ, тек өлеңді жаттап алу басты орында тұрды.

Ресейдегі, XIX ғасырдың бас шеніндегі, әдебиетті оқытудың осындай жүйесіне Ф.И. Буслаев (1818-1897) біршама жаңалық енгізді. Оның ең басты еңбегі «О преподавании отечественного языка» (1844) деп аталады. Ф.И. Буслаев әдебиетті оқытудағы қасандыққа қарсы күресті, оқытудың «гейристикалық» (эвристикалық) әдісін ұсынды: оқытушы ұғымтал, ыңғайлы сұрақтар қою арқылы оқушыны өзінше ізденуге, нені үйрену қажеттігін аңғаруына жетелеуі керек делінді. Әуелі тиісті материалды игеріп, сосын оған теориялық түсінік берілуін құптайды. Өйтпеген күнде алдын ала берілген әдеби теориялық пайымдар оқушының мәселені еркін түсінуін шектеп, матайды деп санады. Ф.И. Буслаевтың бұл айтқандары, педагогтік пікірлері шынында да ескі мектеп үшін, оның бағдарламаларын жаңарту жолындағы ілерілегендік болды. Әдебиеттік оқу мәселесін дұрыс қозғағанымен, Ф.И. Буслаев әдебиет сабағының мазмұны жөнінде орнықты пікір айта алмады. Бұл оның қоғамдық-саяси көзқарасына байланысты еді. XIX ғасырдың 1840-60 жылдарындағы қоғамдық күрес барысында ол кертартпашыл топтар жағын (консервативный лагерь) қоштады. Орыстың сол тұстағы В.Г. Белинский мен Н.Г. Чернышевский сияқты жаңашыл оқығандарының ілімінің танымдық рөлін жете түсінбеді.

Әдебиетші Ф.И. Буслаевтың мұндай ескішілдік түсінігі А.С. Грибоедов, А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, Н.В. Гоголь шығармаларын дұрыс ұғуына кедергі жасады. Ф.И. Буслаев көркем әдебиетті оқып түсінуде негізінен мәтіннің әдеби тілі мен оған жасалатын филологиялық талдауларға мән берді. Филологиялық талдаулар үшін мысалға ескі әдебиет үлгілерін алды (Н.М. Карамзин. «История Государства Российского»). Оның тағы бір кемшілігі – шығарманың құрылысын талдау, композициясын тануға көңіл бөлмеді, керексіз деп санаған.

Сондықтан да 1840-60 жылдардағы тың үдерістерді жақтайтын мұғалімдер Ф.И. Буслаевтың әдістемелік оқулықтарымен келіспеді. Олар, В.И. Водовозов («Существует ли теория словесности и при каких условиях возможно ее существование?» (1859 г.), В.И. Кречетова сияқты мұғалімдер, ескі гимназиядағы бірыңғай риторика заңдылықтарын жаттау, немесе Ф.И. Буслаевтың ізімен Н.М. Карамзин

шығармасының тілін талдау («История Государства Российского») тәрізді жаттандылықтан жери бастайды. Олардың (В.И. Водовозов, В.И. Кречетова) оқушылары патшалық бюрократизмді, крепостнойлықты сынаған А.С. Грибоедов («Горе от ума»), Н.В. Гоголь («Мертвые души»), А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтовтың реалистік шығармаларын жасырын, мектеп қабырғасынан тыс сәттерде оқып танысады. Мәселен, В.И. Водовозовтың өзі гимназияда оқып жүрген кезінде (1835-1842) тыйым салынған өлеңдерді оқып отырған. Ал, белгілі орыс заңгері, оратор А.Ф. Кони Екінші Петербург гимназиясының V сынып оқушыларының А.С. Пушкин өлеңдерін қызыға оқып, «Колокол», «Полярная звезда» журналдарын алып оқитынын айтады. Міне, өсіп ендігі жерде А.С. Грибоедов, Н.В. Гоголь, А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, т.б есімімен аталатын жаңа көркем әдебиеттің ықпал-әсері арта түскен.

Мұндай жаңа әдебиет пен қатар, мектептерде демократ В.Г. Белинскийдің (1811-1848) көркемөнер мен әдебиет турасындағы сын-пікірлерінің де ықпалы өте зор болды. В.Г. Белинскийдің әдебиет жөніндегі мақалаларында оның демократтық және педагогтік көзқарастары анық байқалып отырады. В.Г. Белинский көркемөнердің өмір танытқыштық, тәрбиелік рөлін жоғары бағалады. В.Г. Белинский өзінің сын мақалаларында әрқашан көркем әдебиеттің эстетикалық мәніне назар аударып, жазушыдан әрдайым терең идеялықты, халықтық сипатты, жоғары көркемдік шеберлікті талап етіпті. В.Г. Белинскийдің мақалалары мұғалімге әдебиеттану ғылымының принциптерін ғана көрсетіп қоймай, сонымен бірге оған әдеби шығарманы оқытудың әдістемелік жолдарын да нұсқайды. Мәселен, В.Г. Белинский көркем мәтінді дұрыс оқуға, оқушының (читатель) жан-тәнімен беріле оқуына айрықша зор мән берген. Ол: «Изучить поэта значит не только ознакомиться через усиленное и повторяемое чтение с его произведениями, но и перечувствовать, пережить их... нельзя понять поэта, не будучи некоторое время под его исключительным влиянием... Это увлечение поэтом есть первый и необходимый момент в процессе его изучения» [4,40] – деген. Ең бастысы, В.Г. Белинскийдің пікірінше, жазушы шығармасының кілтін табу үшін оның пафосын анықтау керек. Бұл турасында ол мынандай пікір айтқан: «В пафосе поэт является влюбленным в идею, как в прекрасное живое существо, ...пафос является в его произведении не отвлеченной мыслью, не мертвой, формой, а живым

созданием, в котором... нет границы между идеей и формой, но та и другая является целым и единым органическим созданием» [4,40]. Сонымен қатар, В.Г. Белинский мектепте әдебиетті оқыту мәселесіне ерекше ден қойған: Грег, Кошанский, Плаксин, тағы басқалардың оқулықтарын схоластикалық, ескі, зиянды кітаптар деп тапқан. 1830-40-жылдардың азды-көпті мұғалімдері В.Г. Белинскийдің мақалаларын қызыға оқып, тәлім алып отырған. Ал, әдебиетті оқыту жөніндегі В.Г. Белинский идеяларының әсер-ықпалы 1860-жылдары өсе түсті.

XIX ғасырдың 60-жылдарында мектептердегі оқыту ісіне халықтық рухтағы демократтар Н.Г. Чернышевский, Н.А. Добролюбовтың әсері өте зор болды. Орыс әдебиетін түсінудегі В.Г. Белинскийдің эстетикасын, әдеби теориялық көзқарасын Н.Г. Чернышевский мен Н.А. Добролюбов одан ары жалғастырды. Н.Г. Чернышевскийдің әдебиеттанушылық диссертациялық еңбегі «Эстетические отношения искусства к действительности» (1853-1855) деп аталады.

Бұл еңбегінде Н.Г. Чернышевский нағыз көркемөнердің міндетін былайша анықтады: «воспроизведения жизни»(өмірді жаңғырта қайта көрсету), «объяснения жизни»(өмірді түсіндіріп ұқтыру) «приговора о явлениях жизни»(өмірдегі құбылыстар мен көріністерге үкім шығару). Өз кезегінде Н.А. Добролюбов, негізінен, И.А. Гончаров, А.Н. Островский, И.С. Тургеневтердің шығармаларына терең талдаулар жасады. Әсіресе, оның «Что такое обломовщина?», «Темное царство», «Луч света в темном» царстве» деген мақалаларының XIX ғасырдың 60-жылдардағы әдебиетті оқыту әдістемесі үшін мәні ерекше болды.

Ал, 1861 жылы Ресейде оқыту ісін жаңаша қалыптастыру бағытында мектептердегі барлық пәндердің, соның ішінде әдебиеттің де бағдарламалары қайта қарала бастады. Мұндай мәні зор жұмысқа бүкіл бұқаралық күштер санатындағы «мұғалімдер корпорациясы» мен университет оқытушылары кеңінен жұмылдырылды. Тура осы жағдайға байланысты күллі гимназиялар мен реальды училищелердегі әдебиетті оқыту әдістемелерін жаңаша қайта жасау ісі күшейтілді. Әсіресе, гимназиялар мен реальды училищелердің төменгі кластарындағы әдебиеттік оқу барысы турасында әртүрлі пікірлер, ұсыныстар айтыла бастады. Біреулер көркем әдебиеттің тек танымдық-тәрбиелік рөліне ғана мән бере оқытуды ұсынса, енді біреулер шығарманың көркемдік жағына зер сала

оқытуды қолдады, үшінші біреулер әдебиетті тек логикалық-стистикалық тұрғыда оқытуды қалады. Міне, осындай пікір таластардың арасынан XIX ғасырдың 60-жылдардағы әдебиетті оқыту әдістемесі бойынша елеулі еңбек еткендердің қатарына ресейлік В.Я. Стоюнин (1826-1888) мен В.П. Острогорский (1840- 1902) сынды әдіскер-әдебиетшілерді жатқызамыз.

В.Я. Стоюниннің басты әдістемелік еңбектері: «Руководство для исторического изучения русской литературы», «Руководство для теоретического изучения литературы», «Хрестоматия по литературе». Ең негізгі әдістемелік оқу-құралы – «О преподавании русской литературы». Бұл оқулық 1864 жылы жарық көріп, 1917 жылға дейін қолданылды. Оның жұмыстарының қызыл өзегі – В.Я. Стоюнин ескі бағдарламаларға қарсы шықты. Ол әдебиет сабағын көркем мәтінді толық білмей тұрып, оқулықтар бойынша оқытуға болмайды деп санады. Біздіңше мұнысы өте дұрыс, қазір де мәнін жойған жоқ!

Әдіскер В.Я. Стоюнин бұрынғы, ескі Ф.И. Буслаевтың риторикалық, филологиялық әдістемелерін сынады. Оқушыны әр сөзге, сөйлемге қадалтып қоюдың тиімсіздігін айтты. Ондай «схоластикалық эстетикаға» (риторикаға) қарсы шыққан В.Я. Стоюнин мектептің негізгі міндеттері ретінде мынандай мәселелерді атады:

1) «Оқушыларға табиғат пен адамға қатысты шынайы түсініктерді» хабарлау.

2) Оқушылардың бойында «шындық пен ынтызарлыққа деген ұмтылысты», отанға деген сүйіспеншілікті, эстетикалық сезімді, гуманизмді дамыту.

3) Еңбекке тәрбиелеу.

Осы аталған үш міндетті В.Я. Стоюниннің пікірінше әдебиет пәнінің мұғалімі де қабылдауы шарт. Бұл үшін ең алдымен ескі әдістемелерді ысырып тастап, мұғалім оқушыларға көркем әдебиет материалдарымен толық танысуына жол ашуы керек. Әдебиетші В.Я. Стоюниннің методы – белсенді (активті) метод. Оның методы оқушыларды шығарманы мән бере еңбектене оқуға тәрбиелейді, оларды көркем текст бойынша ойлануға, байқампаздыққа баулиды. Бұл талап оқытылатын шығармалардың санын шектейді. Бірақ аз болса да толық игерілуді көздейді. Әдіскер В.Я. Стоюнин хрестоматиясындағы үзінділерді әр картиналардан алынған жыртындыларға теңеген. В.Я. Стоюнин әдістемесінің құндылығы сонда, ол әдеби шығарманы талдау принципін көрсетті, көркем мәтіндер бойынша қалай жұмыс істеу керектігіне мысалдар келтіріп, пікір білдірді.

Әдебиеттік оқу әдістемесінің ресейлік келесі бір өкілі – В.П. Острогорский. Ол оқушыны көркем шығармалар арқылы сұлулыққа тәрбиелеп, шығарманың эстетикалық сипатына баса көңіл бөлді (основоположник художественного воспитания). Оның мұндай эстетикалық көзқарастары «Письмы об эстетическом воспитании» деген еңбегінде баяндалған. Мұнда ол оқушыларға эстетикалық, этикалық тәрбие беруде басты рөлді көркем әдебиетке береді. Сондықтан әдебиет пәнінің мұғалімі педагогтік ұжымның ортан қазығы (центральная фигура), оған қойылатын талап та өте жоғары болуға тиіс деп санайды.

Ал, келесі бір «Беседы о преподавании словесности» деген әдістемелік кітабында В.П. Острогорский әдебиет сабағының бағдарламасын гимназияның I – IV кластарына арнап былай бөлген:

- 1) белсенді, нақыштап оқу.
 - 2) жаттап алып, мәнерлеп айту.
 - 3) міндетті түрде сыныптан тыс оқу, сыныпта тәрбиелік сипатта әңгімелеу, сұрақ қою арқылы бақылау.
 - 4) мұғалімнің әсерлі, жанды сөзі [4, 52].
- Салыстырып қарағанда:

1) В.Я. Стоюниннің алдына қойған мақсаты – әдебиеттік оқу арқылы оқушылардың дүниетанымын, қоғамдық өмірге көзқарасын қалыптастыру. Ол оқушыны көркем шығарманың мәнін түсінуге үйретеді, ондағы қоғамдық-моральдық идеяны ұғуға баулиды. Мұғалімнің басшылығымен, қадағалауымен мәтінді талдап, әдеби әңгімелесуді ұсынған.

2) В.П. Острогорскийдің басты мақсаты – оқушыны әдемілікке, құштарлыққа тәрбиелеу. Идеал мазмұны нақты аталмайды. Бірақ ол әрқашан мектеп оқушысын, жеткіншек ұрпақты «кесір, кесепат, келеңсіздікке қарсы тәрбиелеп, оның бойына асқақ, сәулелі сезім, ізгі ниет дарыту қажет деп білген. В.П. Острогорский мәтінге талдау жасауды жоққа шығармайды, бірақ В.Я. Стоюнин сияқты талдау үлгісін келтірмейді.

Дегенмен, В.П. Острогорский де, В.Я. Стоюнин де әдебиеттік оқудың ұмыт қалған эстетикалық, этикалық жақтарын, идеялық нысанасын, образдарды талдау жүйесін, оның тәрбиелік сипаттарын қозғады, толықтырды. Бұл әдістемелік ұсыныстар мен пайымдар бүгін де қазақ әдебиеті пәндерін оқыту әдістемесі үшін өзінің мән-маңызын жойған жоқ деп білеміз.

Әдебиеттер

- 1 Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. (Киргизская хрестоматия). – Алматы: Білім, 2003. – 112 б.
- 2 Алтынсарин Ы. Таза бұлақ: Өлеңдер, әңгімелер, хаттар, очерктер. – Алматы: Жазушы, 1988. – 320 б.
- 3 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш: Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
- 4 Голубков В.В. Методика преподавания литературы. – Москва: Учпедгиз, 1955. – 460 с.

References

- 1 Altynsarin I. Kazakh hrestomatiyası. (Kyrgyz hrestomatiyası). –Almaty: Bilim, 2003. –112 b.
- 2 Alty'nsari'n Y'. Taza bulaq: O'lenhder, a'nhgimeler, xattar, ocherkter. – Almaty': Zhazwshy', 1988. – 320 b.
- 3 Bajtursy'nov A. A'debi'et tany'tqy'sh: Zertteu men o'lenhder. – Almaty': Atamura, 2003. – 208 b.
- 4 Golubkov V.V. Metodika prepodavaniya literatwri. –Moskva:Uçpedgiz, 1955. – 460 s.